

Ел астанасындағы ыбырай жәдігерлері



Биыл қазақ халқының ұлы ағартушы-ғалымы, педагог-жазушы, ақын, қоғам қайраткері, публицист, этнограф, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі ыбырай Алтынсарыұлының туганына 180 жыл толып отыр. ыбырай бабамыз туралы қанша айтса да артық емес. Абай айтпакшы, «толық адам» дәрежесіне жеткен де, Әлихан Бекейхан айтқандай, «үлтқа шын мәнінде қызмет етудің» үлгісін көрсеткен де ыбырай Алтынсарыұлы болатын. Осыған байланысты халықаралық, республикалық көлемде конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар мен ыбырайтанушы-ғалымдармен кездесулер сияқты іс-шаралар қолға алынып, жүзеге асуда. Сондай шаралардың бірі 23 сәуірде Нұрсұлтан қаласындағы Қазақстан Республикасы Үлттық мұражайында ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына арналған Қостанай облыстық ыбырай Алтынсарин мемориалдық мұражайымен бірлескен көшпелі көрменің ашылуы болды. Ис-шараның мақсаты: ұлалар ұлагатын ұлықтау және қоғам қайраткері, ұлы ағартушы-педагог ыбырай Алтынсарыұлының өнегелі өмір жолын насиҳаттау.

Көрменің

салтанатты

ашылуына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі Шолпан Каринова, Қазақстан Республикасы Сенатының депутаты Алтынбек Нұхұлы, Мәжіліс депутаты Берік Әбдіалиұлы мен филология ғылымдарының докторы, профессор Негимов Серік Нығметтолова үшін бастаған бір топ ыбырайтанушы-ғалымдар қатысты. Сонымен қатар көрме барысында Серікбай Оспановтың «Ыбырай жолы» кітапының тұсаукесеріне байланысты «Үміт еткен көзімнің нұры балам...» атты дөңгелек үстел үйімдастырылды.

Көрмеге Қостанай қаласындағы ыбырай Алтынсарин мемориалдық музей қорындағы бірегей құнды жәдігерлер: мемориалдық клас (XIX ғасырдағы мектеп үлгісі), «Шариғатул-ислам» кітабының түпнұсқасы, ы. Алтынсарыұлының отбасы қолданған төсекқап, жазу құралы, 1884 жылғы Қостанайдайды ыбырай мектептерінің кірпіші, ыбырай мектептерінің картасы мен макеттері, ыбырайдың нағашы атасы Шеген бидің шапаны, тұтынған келі-келсабы, әдеби мұралары, этнографиялық очерктері және мұрагат фотокүжаттары, фотосуреттер мен портреттер, ы. Алтынсарыұлының өмірі мен қызметі туралы кітаптар қойылды.

Сонымен қатар жүртшылық ұсынылған жәдігерлердің арасында ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының «Алтынсарин мұражайынан» арнайы апарылған ы. Алтынсарыұлының ас ішкен ағаш табағы мен қымыз ішкен тостағаны, Торғайда 1864 жылы ыбырай ашқан тұңғыш қазақ орта мектебінің саман кірпіші, баласы Абдолланың етік тіккенде пайдаланған құрал-жабдықтары, ы. Алтынсарыұлы ашқан мектептердің: Есіл орта мектебінің, Әулиекөл болыстық мектебінің (1897ж.), Калинин орта мектебінің (1954ж.), Торғай орта мектебінің (1864ж.), Аманкелді ауданы Жасбуын орта мектебінің (1913ж.) қоңыраулары да қойылды.

Дөңгелек үстелге қатысушылар ы. Алтынсарыұлының бала тәрбиесі мен оны оқыту үрдісін заманға сай лайықтап жүйеге келтірген феномен және қайталанбас тұлға екендігі туралы ой-пікірлерімен болісті. Әсіресе, мұғалімдерге арналған ұлы педагог атындағы медаль белгіліндегі туралы министр екілінің хабарламасы үрпаққа білім нәрін беріп жүрген ұстаздар қауымының абырайлы да игі жұмыстарына жігер береді деп ойлаймыз. Ұлы ұстаздың мерейтойын ЮНЕСКО көлемінде атап ету керектігі туралы Сенат депутатының пікірі іске асып жатса құба-құп болар еді.

Ұлы тұлғалар туралы мұндаидің іс-шараларды жіі өткізу, олардың өнегелі өмірі, қоғамдық қызметтері мен шығармашылық енбектерін насиҳаттап, барынша зерттеп, барша жүртқа жеткізу – парызымыз, әрі жастардың бойында рухани үлттық құндылықтарды қалыптастыру мен оятудағы зиялдық қауым екілдерінің игі жұмыстарының бір парасы болмақ.

Р. АЙМАҒАМБЕТҰЛЫ,
ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты «Рухани жаңғыру» жобалық кеңесесінің директоры.